**Амбулаториялық - емханалық қызметі бар Қармақшы аудандық ораталық аурухана бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында атқарылған жұмыстар.**

**Құрметті отырысқа қатысушылар!**

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осы орайда «Қармақшы аудандық ауруханасы» ШЖҚМКК сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептерді жоюға бағытталған жүйелі іс-шараларды жүргізуде.

Осы іс-шараларды іске асыру, медициналық қорытындылар, дәрілік құралдарды және медициналық қондырғыларды сатып алу, денсаулық сақтау нысандарын салу, пациенттермен өзара байланыс барысында туындауы мүмкін тәуекелдерді жою үшін негізгі бағыттар бойынша жемқорлыққа қарсы іс-шаралар тиімділігін арттыруға баса көңіл бөлініп келеді.

Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қармақшы аудандық орталық аурухана бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссия құрылған, комиссия бекітілген ережесіне сәйкес жұмыс атқарып келеді.

Жыл басынан аталған комиссияның 3 отырысы өтті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» іс-шаралар жоспарын жүзеге асырылуын қамтамасыз ету медицина қызметкерлерінің басты міндеті.

Барлық жоғарғы және орта буын кіші буын медицина қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелерде медицина қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында, келісіліп, бекітілген кестеге сәйкес құқықтық оқулар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың алдын - алудағы жұмыстарды жандандыру, аурухана қызметкерлерінің арасында, елді-мекендерде құқық тәртібін нығайту, сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық көріністердің алдын - алу мақсатында тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынып бөлім меңгерушілерінің атқарылған жұмыстар туралы есептері тоқсан сайын тыңдалып отырады.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдармен аудандық «Қармақшы таңы» газетіне мақалалар жарияланып дөңгелек столдар,семинарлар мен кездесулер өткізілуде.

Сыбайлас жемқорыққа қарсы орта қалыптастыру үшін барлық ықтимал тәуекел аймақтары анықталды. Аудандық медициналық мекемелерді жемқорлықтың алдын алу мақсатында заңнамамен қарастырылған барлық қажетті ұйымдастыру шаралар қабылданды.

Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізіле басталғалы

стационарлар деңгейінде бірегей тарифтік саясат іске асырылды.

Емдеуге жатқызу порталы іске қосылды. Бұл арқылы тіркеу науқастың стационарға жату үшін дәрігерлермен алдын ала келіссөздер жүргізуінің алдын алады. Кезек автоматты түрде белгіленеді, оны өзгерту мүмкін емес.

Әрбір емделуші өз кезегін ғаламтор арқылы бақылап отыра алады. Осылайша денсаулық сақтау жүйесінде үрдістердің ашықтығы қамтамасыз етілді.

Дәрімен қамтамасыз ету жүйесінде автоматтандырылған Дәрімен қамтамасыз етудің ақпараттық жүйесі енгізілді. Ол дәрігерлердің рецептті жазуын, әрбір науқастың белгіленген дәріні алуын нақты бақылап отыруға мүмкіндік береді. Өтініштердің көпшілігі сол жерде қарастырылып, шешімін табады.

Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсету қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №304 бұйрығына сәйкес аудандық ауруханада ақылы медициналық қызмет көрсетіліеді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Президенетіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған мақсаттардың бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!**

**Управление юстиции Кармакшинского района**
**Департамента юстиции Кызылординской области**
**Справка о государственной регистрации юридического лица**
**БИН 140640021292**

поселок Жосалы **10.10.2017**

| | |
|---|---|
| Наименование: | **Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Кармакшинская центральная районная больница с амбулаторно-поликлинической услугой» управления здравоохранения Кызылординской области»** |
| Местонахождение: | **Казахстан, Область кызылординская, Район кармакшинский, ПОСЕЛОК ЖОСАЛЫ, ул. Абай кунанбаев, д. 105** |

Дата выдачи: 10.10.2017

**РУКОВОДИТЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ** **Н.АСАНОВА**

**Қызылорда облысы Әділет департаментінің**
**Қармақшы аудандық Әділет басқармасы**
**Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама**

**БСН 140640021292**

Жосалы кенті **10.10.2017**

| | |
|---|---|
| Атауы: | **«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қармақшы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны** |
| Орналасқан жері: | **Қазақстан, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Абай құнанбаев көшесі, 105 ү.** |

Берілген күні: 10.10.2017

**БАСҚАРМА БАСШЫСЫ** **Н.АСАНОВА**

ҚАРМАҚШЫ таңы
АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ

...улық» бағдарламасы

# ӨҢІР ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІР САПАСЫ ЖАҚСАРА БЕРЕДІ

*...2016-2019 жылдарға ...мемлекеттік ...қ» бағдарламасы ...едициналық ...ң сапасын көтеріп, ...етімділігін ...а, денсаулық ...йесін басқару және ...дыру жүйесінің ... арттыруға, сондай-...ар ресурстарды ...даланууға арналған.*





...екеттік бағдарламаны 2 ...сыру көзделген болса, ...еңін аяқтау 2016-2018 ...тіленген.

...аның 1-ші кезеңінде ...әжірибені енгізу, үш ...ойынша, оның ішін-...иялық гипертония,

... жүректің созылма-... ауруларды басқару ...рын енгізу, электрон-...қ төлқұжатын енгізу, ...амаларға сәйкес ме-...ылыми кадрлар мен ...н даярлауға бағыт-...

... денсаулық сақтау ...му деңгейінің өлшеуіші ...налы көрсеткіштерді ...олсақ, күтілетін өмір ... 2016 жылы 70,5-...дың 7 айына 71,3-ке ...рсеткіші де жылдан ...16 жылдың есеп беру ... салыстырғанда 957 нәрестеден 2017 жылдың 8 айында 1034 нәрестеге дейін көбейген.

Жалпы, өлім-жітім өткен жыл деңгейінде қалыптасып (1000 адамға шаққанда) көрсеткіш 2016 жылы 3,27 ал 2017 жылы 3,02 құрады. Нәрестелер өлім-жітімі азайды. Бұл дегеніміз-аудандағы демографиялық ахуал қанағаттанарлық екенін көрсетуде. Аудан тұрғындарына медициналық көмек амбулаториялық-емханалық қызметі бар ауруxана және туберкулезге қарсы күрес диспансері медицина қызметкерлерімен көрсетілуде.

Дегенмен, бағдарламаның даму деңгейі халықтың өмір сүру ұзақтығын ұлғайту, ана мен сәби өлімін және жалпы өлім–жітім деңгейін төмендету көрсеткіштерімен бағаланатынымен ескерсек, ауданда соңғы жылдарда ана өлімі тіркелмеген болса, халық арасында қан айналым жүйесі ауруларынан, онкологиялық аурулардан, жазатайым жағдайлар, жарақаттану мен уланулардан өлім-жітім көрсеткіштері жоғары деңгейде сақталуда. Бұл көрсеткіштер деңгейін жақсарту мақсатында ауданның демографиялық ахуалына әсерін тигізетін 5 сырқаттанушылық тобы, яғни өңірлік деңгейде жедел миокард инфарктысы, жедел бас, ми қанайналым бұзушылығы (инсульт), қатерлі ісіктер, жарақаттар, жүктілік және балаларға арналған көмекті ұйымдастыру бойынша жол карталары бекітілген болатын.

Бүгінде атаулы жол карталары аясында атқарылған жұмыстар нәтижесінде ағымдағы жылдың 7 айында қатерлі ісіктерді ерте сатысында анықтау көрсеткіштері жақсарып, өлім–жітім азаюда. Сонымен қатар, атқарылған іс-шаралар нәтижесінде жедел бас, ми қан айналым бұзылысының өлім–жітім көрсеткішінің төмендеуі байқалуда. Жарақаттану кезінде медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында да материалдық-техникалық базасын жарақтандыруға бағытталған жұмыстар жүргізіліп, травматолог дәрігердің белсенділігі артты.

Бұдан басқа осы жылдан бастап, балаларға хирургиялық және реаниматологиялық көмек көрсетуді жетілдіруге бағытталған жол картасы іске асырылуда. 2 дәрігер қайта даярлықтан өтсе, жоспарға сәйкес қауіпт топқа жатқызылған шала және туа біткен ақаулығы анықталған 1 жасқа дейінгі сәбилердің тізімі жасалып, оңалту ем жүргізілуде. Ауданнан жоғары мамандандырылған көмекке 4 сәби жолданып, барлығы да уақытылы ем қабылдауда.

Осы жылы емдеу мекемелеріне 11 жас маман жұмысқа қабылданып, кадр жетіспеушілік мәселесі толықтай шешілді.

Осы ретте, ауданда денсаулық сақтау мекемелерін заманауи техникалық құрал-жабдықтармен жабдықтау жұмыстары жолға қойылғанын айта кеткен жөн. Емдеу ұйымдарын медициналық техникамен қамтамасыз ету 54,2 пайыздан 73,4 пайызға өсті.

Лизинг есебінен 8120,0 мың теңгелік ИВЛ, 13120,0 мың теңгелік «Инкубатор», 4900,0 мың теңгеге автокөлік алынса, Төретам ауылдық ауруханасына 19929,0 мың теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Аудандық орталық ауруханасының ауыз-су мен кәріз жүйесінің шешілмей жүрген мәселесі шешіліп, су көтергіш мұнарасы салынды. Бүгінде ауыз су палаталарға күндізтүні берілуде. Кәріз жүйесі қайтадан жаңғыртылып, жақын уақытта іске қосылады.

Жалпы аудан медицинасының өңір тұрғындарының денсаулығын сақтауда қол жеткізген жетістіктері жетерлік.

**Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**амбулаториялық – емханалық қызметі бар аудандық орталық аурухананың бас дәрігері.**